



Шейх
Хайсам Сархан
басшығындағы
"Сүннет" колледжі
дайындаған

ДҮНИЕЛІК ӨМІРДІҢ ҚҰНЫ

alsarhaan.com



mahadsunna.com

Дүниелік өмірдің құны

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

فَعْرِضُوا إِلَى اللَّهِ

«Аллаһқа қарай жүгіріңдер (ұмтылыңдар)!»

(«әз-Зәрият сүресі», 50-аят).

Раббымыз бұл сөздерімен бізге Өзіне қарай жүгіруді, күнәдан – кішіпейілдікке, адасудан – тура жолға, қараңғылықтардан – жарыққа, бақытсыздықтан – бақытқа қашуды бұйырады! Бақытсыз адамдар Аллаһтан қашып, зиян мен қасіретке ұшырайды. Ал бақытты болғандар Аллаһқа қарай жүгіреді, өйткені олар адамзатты жаратқан және оған бүкіл нығметтерді сыйлаған Аллаһтан басқа пана жоқ екенін біледі. Аллаһ Тағала бізге барлық қасиетті Кітаптарда жердегі өміріміздің уақытша баспана екенін, бұл дүние біздің сыналатын кезең екенін хабарлап, барлық елшілерін осыны жеткізулері үшін жіберді. Бұл кезеңде біз Аллаһқа мойынсұнып, бағынып, Оны жақсы көріп, Оның алдында тақуалық танытуға міндеттіміз. Содан кейін біз өлуіміз керек, ал өлгеннен кейін бізді күтіп тұрған өмірде не сый, не жаза ала бастаймыз және осы жердегі, дүниелік өмірімізде істеген амалдарымыз үшін жауап береміз. Бұл алдымыздағы өмір «барзах», яғни аралық өмір деп аталады. Содан кейін Қиямет күні келеді, әрі Аллаһ біздің тәнімізді қайта жаратып, жанымызды соған қайтарады, сөйтіп біз бәріміз, бүкіл адамзат, Адам атаның барлық ұрпақтары – ең біріншісінен ең соңғысына дейін – Жаратушымыздың алдында тұрамыз, сол кезде біздің айтқанымыз бен істегеніміздің бәрі көрсетіледі және біздің барлық сөздеріміз бен істеріміз есепке тартылады. Бұл туралы Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

يَوْمَئِذٍ يَصُدُّرُ النَّاسُ أَشْتَاتًا لِّيُرَوْا أَعْمَالُهُمْ:

فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ

وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ

«Сол күні адам баласы, амалдары көрсетілуі үшін, топ-топ болып келеді. Әрі кім тозаңның түйірінің салмағындай жақшылық істеген болса, соны көреді. Әрі кім тозаңның түйіріндей жамандық істеген болса, соны көреді».

(«әз-Зилзәлә» сүресі, 6-8 – аяттар).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَا الدُّنْيَا فِي الْآخِرَةِ إِلَّا كَمَا يَجْعَلُ أَحَدُكُمْ إِصْبَعَهُ فِي الْيَمِّ، فَلْيَنْظُرْ يَمَّ تَرْجِعُ

«Бұл дүниенің Ақырет өмірімен салыстырғанда не екендігін түсіну үшін, сендердің әлдебіреуің саусағын теңізге батырсын да, содан кейін одан не алып шығатынына қарасын»

(хадисті Муслим, 2858; әт-Тирмизи, 2323 және Ибн Мәжаһ, 4108 жеткізген).

Бақытты адамдар бұл уақытша өмірге алданбайды, олар бұл жерге аз уақытқа келгендерін және көп ұзамай оны тастап кететіндерін түсінеді. Бұл дегеніміз, адам оған алданып қалмай, ажалдың арғы жағында жатқан шынайы өмірді ұмытпау керек дегенді білдіреді. Білім иелерінің бірі: «Мәңгілік өмірмен салыстырғанда бұл өмір дүниенің барлық тауларымен салыстырғандай шаңның түйірінен де елеусіз», - деген. Адамдардың көбі бұл жердегі өмірге және оның ләззаттарына алданып, олар бұл дүниеге мәңгілікке келген секілді және жақын арада оларды өлім мен өмірінің басқа кезеңіне көшу күтіп тұрмағандай әрекет ете бастайды. Ал, шын мәнісінде, адам өз өмірінде төрт кезеңнен, төрт мекеннен өтеді:

1. Ана құрсағындағы өмір.
2. Бұл жердегі өмір. Ол дүние деп аталады.
3. Ақырғы өмір – барзах.
4. Әрі ең ақырында, бұл дүние біткеннен кейін келетін соңғы, Мәңгілік өмір.

Уа ақыл-есті адам, ақыл-есіңізді жинап, ойланыңыз: мәңгілік өмірді ұмытып, мына қамшының сабындай қысқа дүниелік өмірге артықшылық беріп, соған күш-жігеріңді жұмылдырып, бар ойыңыз бен күш-қуатыңызды соған арнап, онда тамыр жайып қалуға және оның игіліктерінің қомақты бөлігін жұлып алуға тырысу қажет пе? Қазір мен сізге осы, дүниелік өмірді сипаттаймын, ал оның құны қандай екенін, кейін өзіңіз шешерсіз.

Біріншіден, біздің жердегі өміріміз қысқа, шектелген және өткінші. Ол бейне бір елес, түс сияқты. Онда не нәрсеге қол жеткізсеңіз де, көп ұзамай ол сізді тастап кетеді немесе сіз оны тастап кетесіз. Сіз өзіңізбен бұл дүниеден тек иманыңызды, Аллаһ разылығы үшін жасаған жақсылық пен тақуалық істеріңізді ғана алып кете аласыз. Сізден бұрын қаншама ұрпақ өтіп кеткеніне қараңызшы, олардың арасында алдарында қорқаннан тіпті тұтас елдер дірілдейтін құдіретті патшалар да, құлдар да, байлар мен кедейлер де, білімділер мен нағандар да, ерлер мен әйелдер болды болды. Олардың барлығы қазір қайда, бұл миллиардтаған адамдар қайда? Сіз олардың тіпті сыбырын естисіз бе? Олар қазір сіз өмір сүріп жатқан жерде және сізден кейін жуық арада басқалар тұратын жерде өмір сүрді.

Умар ибн әл-Хаттаб, оған Аллаһ разы болсын, былай дейтін: «Егер адам тіпті бүкіл дүниені, оның бірінші бөлігінен соңғы бөлігіне дейін иеленсе де, ал содан кейін оған өлім келсе, бұл ол үшін қуаныш сыйлаған бейне бір түс көрген, кейін ол оянып, қолында ештеңе жоқ екенін көрген адамдай болады».

Раббымыз былай деп себепсіз айтпаған ғой:

كُلُّ مَنْ عَلَيْهَا فَانٍ

وَيَبْقَىٰ وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

«Бүкіл жер жүзіндегілер түгейді. Ұлы дәрежеге ие әрі Жомарт Раббыңның Дидары ғана қалады».

(«әр-Рахман» сүресі, 26-27 – аяттар).

Ибн Масғуд былай деген: «Бірде-бір күн періштенің: «Уа Адам баласы! Сенің тіршілігіңе қажетті болған дүние игіліктерінің аз болғаны, олардың көп болып, әрі сен содан тақаппарланып, Аллаһтың белгілеген шекараларынан асып кеткеніңнен жақсырақ», - деп жариялауынсыз өтпейді».

Екіншіден, дүние тіршілігі – опасыз, сенімсіз серік – қаншама адамды оларға мәңгілік өмірді ұмыттырып, арбады. Ол сағым сияқты! Абай болыңыз! Айналадағы ғаламға қараған адам оның осы өмірдің артында басқа, одан да кемелірек өмірдің бар екеніне табанды түрде нұсқайтынын көреді. Онымен салыстырғанда жердегі өмір ояулықпен салыстырғандағы түс сияқты. Ондай адам бүкіл ғаламның онымен қалай сөйлесетінін Раббысы мен Жаратушысының өзіне қаратқан сөздеріндей естиді:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّ وَعْدَ اللَّهِ حَقٌّ ۖ فَلَا تَغُرَّنَّكُمُ الْحَيَاةُ الدُّنْيَا ۖ وَلَا يَغُرَّنَّكُم بِاللَّهِ الْغُرُورُ

«Әй адам баласы! Сөз жоқ, Аллаһтың уәдесі хақ. Ендеше дүние тіршілігі сендерді әсте алдамасын. Сондай-ақ аса алдағыш та сендерді Аллаһ туралы алдамасын»

(«Фатыр» сүресі, 5-аят).

Үшіншіден, бұл дүниелік өмір ойын-сауық емес пе? Аллаһ Тағала бұны мына сөздермен жеткізді:

اعْلَمُوا أَنَّمَا الْحَيَاةُ الدُّنْيَا لَعِبٌ وَهْوَ وَزِينَةٌ وَتَفَاخُرٌ بَيْنَكُمْ وَتَكَاثُرٌ فِي الْأَمْوَالِ وَالْأَوْلَادِ ۖ كَمَثَلِ غَيْثٍ أَعْجَبَ الْكُفَّارَ نَبَاتُهُ ثُمَّ يَهِيْجُ فَتَرَاهُ مُصْفَرًّا ثُمَّ يَكُونُ حُطَامًا ۖ وَفِي الْآخِرَةِ عَذَابٌ شَدِيدٌ وَمَغْفِرَةٌ مِّنَ اللَّهِ وَرِضْوَانٌ ۚ وَمَا الْحَيَاةُ الدُّنْيَا إِلَّا مَتَاعُ الْغُرُورِ

«Біліңдер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанysу, сондай-ақ мал-мүлік пен балаларды көбейту ғана. Бұның мысалы: өсірген өсімдігі кәпірлерді таңырқатқан жаңбыр сияқты. Сосын сен олардың қурап, сап-сары болғанын көресің. Содан кейін олар үгінді болады. Ал Ақыретте қатты азап әрі Аллаһтан жарылқау мен разылық бар. Негізінде, дүние тіршілігі тек алданышты пайдаланатын нәрсе ғана»

(«әл-Ҳадид» сүресі, 20-аят).

Раббымыз адамдарды мәңгілік өмірге ұмтылуда бір-бірінен озуға ынталандырып, былай деді:

سَابِقُوا إِلَىٰ مَغْفِرَةٍ مِّن رَّبِّكُمْ وَجَنَّةٍ عَرْضُهَا كَعَرْضِ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أُعِدَّتْ لِلَّذِينَ آمَنُوا بِاللَّهِ وَرُسُلِهِ:
ذَٰلِكَ فَضْلُ اللَّهِ يُؤْتِيهِ مَن يَشَاءُ

«Раббыларыңнан жарылқауға және кеңдігі жер мен көктің кеңдігіндей, Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтіргендер үшін әзірленген Жәннатқа жарысыңдар. Бұл Аллаһтың Ол оны қалаған кісісіне беретін мейірімі»

(«әл-Ҳадид» сүресі, 21-аят).

Төртіншіден, жер тіршілігіне ғана көңілі толып, мәңгілік өмірді ұмытқандар үшін о дүниеде бақыт болмайды. Аллаһ былай деген:

مَن كَانَ يُرِيدُ الْحَيَاةَ الدُّنْيَا وَزِينَتَهَا نُوفِّ إِلَيْهِمْ أَعْمَالَهُمْ فِيهَا وَهُمْ فِيهَا لَا يُبْخَسُونَ
أُولَٰئِكَ الَّذِينَ لَيْسَ لَهُمْ فِي الْآخِرَةِ إِلَّا النَّارُ

«Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, дүниеде олардың еңбектерін толық береміз; сондай-ақ олар кемшілікке ұшыратылмайды.

Бірақ оларға Ақыретте Тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ»

(«Худ» сүресі, 15-16 аяттар).

Бесіншіден, дүние тіршілігі мен оның пайдасына ұмтылу адамдарды опат етіп, қорлық пен ішкі қанағатсыздыққа, кедейлік пен мұқтаждыққа ұшыратады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Аллаһтың атымен ант етемін, мен сендер үшін кедейліктен қорықпаймын, бірақ дүние өмірінің нызметтері алдыларыңа кеңінен жайылып, сендер бір-біріңмен соларға қол жеткізуде жарыса бастайтындарыңнан әрі олар сендерден бұрынғыларды опат еткені сияқты сендерді де опат етеді деп қорқамын»,* - деп айтқан.

Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

تَعْسَ عَبْدُ الدِّينَارِ، وَالذَّرْهَمِ، وَالْقَطِيفَةِ، وَالْحَمِيصَةِ، إِنْ أُعْطِيَ رَضِيَ، وَإِنْ لَمْ يُعْطَ لَمْ يَرْضَ

«Динардың құлы мен дирхамның құлы (яғни ақшаның, алтын-күмістің), маталар мен киімдердің құлы опат (бақытсыз) болсын, егер оған осылар берілген болса, ол риза болып жүре береді, ал берілмесе, наразылық танытады!»

(хадисті әл-Бухари, 2886, 2887, 6435, ибн Мәжаһ, 4135 жеткізген).

Қандай қорлық! Адам дүние игіліктеріне жүрегімен байланып, оған тәуелді болып, солардың құлы болады.

Құдси хадистердің бірінде Аллаһ Тағала былай дейді: **«Ей Адам баласы! Өзіңді маған бағышта, сонда Мен сенің жүрегіңді байлыққа толтырамын және сені мұқтаждық пен кедейліктен құтқарамын. Ал егер сен мұны істемесең, онда Мен қолдарыңды қам мен бейнетке толтырамын, бірақ сені кедейліктен құтқармаймын».**

Дүние байлығына ашкөздіңпен ұмтылып, Аллаһты, мәңгілік өмірді ұмытқандардың тағдыры қандай болмақ: Аллаһ оларды уайымға, бейнетке батырып жібереді, бірақ олар бәрібір тоймай, мұқтаждықта, өзінде барына қанағаттанбай әрі разы болмай қала береді.

Алтыншыдан, дүние тіршілігі мен оның игіліктерінің Аллаһтың қасында ешқандай құны жоқ, мардымсыз. **«Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзін оң жағынан да, сол жағынан да қоршаған адамдармен бірге базарда келе жатып, құлақтары кесілген өлі жатқан лаққа тұспа-тұс келгенде, оны көтеріп, құлағынан ұстап тұрып: «Сендерден кім мынаны бір дирхамға сатып алады?», - деп сұрады. Адамдар: «Біз оны ешқандай ақшаға сатып алғымыз келмейді, әрі біз онымен не істемекпіз?», - деді. Ол: «Ал сендер оны тегінге алғыларың келеді ме?», - деп сұрады. Адамдар: «Аллаһтың атымен ант етеміз, тіпті ол тірі болғанның өзінде де, құлақтары кесілгендіктен оны қаламас едік, ендеше өлексе туралы не айтуға болады?!», - деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Аллаһтың атымен ант етемін, ал Аллаһ үшін бұл дүние мына лақтың сендерге түкке тұрмайтынан да түкке тұрғысыз», - деді»** (хадисті Муслим келтірген, 2957).

Жетіншіден, дүние тіршілігінің қуаныштары ешқашан толыққанды болмайды, ол ешқашан қайғы мен бақытсыздықтардан, сәтсіздіктерден бос болмайды. Дүниелік өмірдегі кез келген қуаныш міндетті түрде ордан алдың болған, не онымен қатар жүретін немесе одан кейін келетін қайғының көлеңкесінде болады. Жер бетіндегі қуаныш ешқашан жалғыз емес - ол, әрине, қандай да бір қайғымен бірге жүреді, бірақ кейде қуаныш қайғыдан күшті және оның әсерін жеңеді, ал кейде керісінше болады.

Адам бұл дүниенің жай ғана жол және өткел екенін әрі ол өзінің тұрақты тұрғылықты жеріне келетін түсінуі және оған дайындалуы қажет. Бұл дүниеге келуіміздің түпкі мақсаты – оған мәңгілік қоныстану емес, ол арқылы басқа жерге, яғни шынайы, тұрақты мекенге бару керек екенін түсінуіміз керек.

Көктен түсірілген барлық Кітаптар, барлық куәліктер мен барлық дәлелдер осы шындықты жүзеге асыруға шақырады. Бұл туралы адамзатқа жан-жақты мағлұматтар беріліп, түрлі нақыл сөздер айтылды. Ақыл-ойы қалыпты, жаратылысы салиқалы әрбір адам бұл дүниеден кету сөзсіз шындық, одан өту бұлтартпас ақиқат, әрі адамның сол үшін жаратылған және арналған басқа жері бар деген айқын қорытындыға келеді. Ол оған баратынына ешқандай күмән жоқ. Оның жердегі өмірі тұрақты тұратын жер емес, өткел ғана.

Бір күні Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрма ағашының шыбықтарынан жасалған қатты төсеніш үстінде ұйықтап қалып, оянғанда оның бүйірінде төсеніштің іздері қалады. Сонда сахабалары: *«Уа Аллаһтың Елшісі, неге астыңызға бірдеңе салмадық?»*, – деді. Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі): *«Мен үшін дүние тіршілігі не?! Расында, мен бұл дүниеде ағаштың көлеңкесіне азғантай тоқтап, дамылдап, сосын орнынан тұрып, жолын жалғастырып, оны тастап кеткен салтты адам секілдімін»*, - деді (хадисті әт-Тирмизи (2377) жеткізген, шейх әл-Әлбани оны сахих деді).

Құдайдан қорқатын, аса Жоғары Жаратушыдан басқа ешкімге құлшылық етпеген адамды өлімнен кейін үлкен қуаныш, кең игілік, ләззат, тыныштық пен жұпар иістер күтіп тұр. Бұл дүние Ақыретпен салыстырылғанда ананың құрсағындай немесе одан да мардымсыз. Өлгеннен кейінгі өмір мен оның ләззаттары соншалық, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Ешбір жан, егер оған Аллаһтан жақсылық бұйырылған болса, өлгеннен кейін бұл дүниеге, тіпті оған ондағы нәрселердің барлығына иелік ету ұсыналса да, қайта оралуды қаламайды»*, - деп айтқан.

Ендеше, шынайы мәңгілік өмірге артықшылық беріп, соған дайындалып, тақуалықты, сосын тағы да тақуалықты және Аллаһ жақсы көретін амалдарды жинақтап, неге дайындалмасқа?!

Аллаһ Тағала біздің иманымызды нығайтып, алда таусылмас бақыт пен қуаныш иелерінен етсін!